

"Конкурстан тыс рәсімдер арқылы 2012 - 2014 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 318 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 420 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Конкурстан тыс рәсімдер арқылы 2012 - 2014 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 318 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы

№ 420 қаулысына қосымша

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы

№ 318 қаулысына қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы

6 с ә у і р д е г і

Р е с п у б л и к а с ы

1 2 н а у р ы з д а ғ ы

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландырылуы конкурстан тыс рәсімдер арқылы республикалық бюджеттен жүзеге асырылатын ғылыми-техникалық бағдарламалар

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) қатты отынды тұтандырудың плазмалық технологиясының ғылыми-техникалық негізін әзірлеу және оны зертханада және өнеркәсіптік жағдайда сандық және эксперименталдық зерттеу;

2) Қазақстан Республикасының индустриялық дамуын пайдалы қазбалар қорымен толтырудың ғылыми негіздемесі;

3) жаңа материалдар синтезі, мұнай, мұнай өнімдерін және құрамында көміртекті газдар бар каталикалық қайта өңдеу, технологияларын әзірлеу;

4) көмір, органикалық және полимерлік шикізат негізінде металдардың нанобөлшектерін және кеміртекті нанотүтіктерді қатыстыра отырып, жасалатын

нанокомпозиттік материалдарды алу мен қолдану технологияларын әзірдеу;

5) түсті металлургияның қалдықтарынан және жартылай өнімдерінен металл сурьма мен оның қоспаларын алудың тиімділігі жоғары экологиялық таза жаңа технологиясын әзірлеу;

6) темір бокситтерін қайта өңдеудің Байер-гидрогранат технологиясын әзірлеу;

7) отқа төзімділігі жоғары кәбіл өнімдері өндірісін құру;

8) арнайы мақсаттағы аса берік ситгалдар алу, олардың құрылысы мен қасиеттерін зерттеу;

9) металл және ағаш конструкциялар үшін оттан сақтайтын әлемдік деңгейдегі отандық төсемдер өндірісін құру;

10) Іркон жаңа силикатты бекіткіші: интернационализация және экспорттық жылжыту;

11) Қарағанды метаны;

12) Қазақстанның жерасты сулары;

13) Қазақстан Республикасында микроэлектроника мен роботты техниканың ақпаратты-технологиялық базасын құру;

14) CUDA-технологияны пайдалана отырып, имитациялық модельдеудің жоғары өндірістік жүйесін құрудың ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу;

15) арнайы мақсаттағы роботтар мен роботты технологиялық жүйелердің тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелері;

16) GPU-процессорларды қолдану арқылы суперкомпьютерлі гибридті кластер құрудың технологиясын әзірлеу;

17) Қызылорда облысында мұнай өндіру кезінде бүлінген экожүйені биоремедиациялау;

18) Арал маңының тұзды топырағының құнарлылығын қалпына келтірудің биотехнологиялық тәсілдерін қолдану;

19) ауыл шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау үшін микробтық препараттарды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру технологиясын әзірлеу және ұйымдастыру;

20) ірі қара малдың бруцеллезі: эпизоотологиялық жағдайдың мониторингі, диагностика мен алдын алу құралдарын әзірлеу;

21) Қазақстан Республикасының аумағында мекендейтін киіктердің популяциясында жұқпалы аурулар циркуляциясының эпизоотологиялық мониторингі және алдын алу әдістерін әзірлеу;

22) ДНК-технологияларын қолдану негізінде Қазақстан тұрғындарының жекелеген топтары үшін генетикалық паспорттар жасау;

23) Қазақстан Республикасында микробиологиялық ресурстарды құру, сақтау, есепке алу және қолдану;

24) Қазақстан флорасының мәдени, интродукцияланған және жабайы есетін

есімдіктері негізінде дәрілік препараттар, биологиялық белсенді қоспалар мен арнайы тағам өнімдерін және басқа материалдар жасаудың биотехнологиясы;

25) Ovis және Capra жануарлар тегінің ex situ сақтауының ғылыми негіздерін әзірлеу;

26) адам мен жануар ағзасының соматикалық және висцералдық жүйелерін реттеудің физиологиялық тетіктері;

27) Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігін қамтамасыз етудің географиялық негіздері;

28) Қазақстан Республикасының таулы және жазық аумақтарының табиғатын пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің географиялық негіздері;

29) Қазақстан Республикасында болжау және шығынды азайту мақсатында табиғи және техногендік сипаттағы күшті және қиратушы жер сілкіністері көріністерінің заңдылықтарын зерттеу;

30) Қазақстан медицинасының, ауыл шаруашылығының және қоршаған ортасының мұқтаждығы үшін отандық геномдық-протеомдық және жасушалық технологиялар әзірлеу;

31) жаңа әдістемелік негізде Алматы қаласының аумағын сейсмикалық микроаудандастыру картасын әзірлеу;

32) «Ғылыми қазына» пәнаралық бағдарламасы;

33) түркілік геосаяси феномен: Қайнар көзі, сабақтастығы.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі:

1) Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамыту;

2) Қазақстандық Тоқмақ термоядролық материалтану реакторын құру мен пайдалануды ғылыми-техникалық қолдау;

3) ДЦ-60 ауыр иондар үдеткіші базасында физика, химия, биология және озық технологиялар саласындағы кешенді ғылыми зерттеулерді дамыту;

4) тау-кен саласының дамуын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету;

5) инфекцияға қарсы жаңа препараттар жасау.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:

денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер:

1) үдемелі респираторлы ауруларды диагностикалаудағы және емдеудегі инновациялық технологиялар;

2) созылмалы жұқпалы емес аурулардан келетін қоғамның алдын алуға болатын шығындары профилактикасының концептуалды тәсілдерін әзірлеу;

3) ауылдық аумақта тұратын халықтың денсаулығын қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласында кешенді бағдарламалар әзірлеу;

4) халықтың биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізі ретінде карантиндік және зооноздық инфекциялар мониторингінің тиімділігін арттыру;

5) Қазақстан Республикасының ауыл тұрғындарына қызмет көрсететін медициналық ұйымдарды дамытудың инновациялық технологияларын әзірлеу;

6) туберкулездің резистентті нысанын сапалы диагностикалаудың және емдеудің жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу;

7) қатерлі ісіктерді емдеудің ғылыми-негізделген мультимодальдық технологияларын әзірлеу;

8) халық денсаулығына қолайсыз әсерді болдырмау үшін экологиялық тәуекелді азайтудың ғылыми-негізделген технологияларын әзірлеу;

9) хирургияда мүшені сақтайтын және мүшені қалпына келтіретін емдеу-диагностикалық технологияларды әзірлеу және жетілдіру негізінде әлеуметтік-маңызды ауруларды, жарақаттарды және олардың салдарының деңгейін төмендету.

4. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер:

1) техникалық жетілдірілген, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан дәлелденген кәсіби тәуекелдің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету бойынша еңбекті қорғауды басқарудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеу және әзірлеу;

2) тиімді және сапалы еңбек үшін қауіпсіз және дұрыс жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған еңбекті қорғауды басқару бойынша өзара байланысты әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар кешенін жүйелік бағалау.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі:

агроөнеркәсіп кешені саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер.

6. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі:

төтенше жағдайлар саласындағы ғылыми зерттеулер: Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігіне зерттеулер жүргізу және ғылыми-техникалық жобалау жүйесін әзірлеу.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі:

ғарыш қызметі саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер.

8. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері агенттігі:

1) құрылыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер;

2) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер.

9. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі:

мемлекеттік қызмет саласында ғылыми зерттеулер жүргізу және ғылыми-қолданбалы әдістемелер әзірлеу.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК